

Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

Газет 1967 жылдың
6 сәуірінен бастап шығады

УНИВЕРСИТЕТІМ

Мемлекеттік хатшы ҚазАТУ-ға



29 қазан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев арнайы жұмыс сапармен келді.

Университеттің тыныс-тіршілігімен танысып шыққан Қырымбек Елеуұлы, білім ордасының бүгінгі ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосып отырған ерекше үлесіне жоғары бағасын берді.

Сонымен қатар, еліміздің ауыл шаруашылығы саласы үшін аса қажетті білікті маман даярлау жұмыстарын өз көзімен көріп, ризашылығын жасыра алмады. Мемлекеттік хатшы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің алдағы уақытта ғылыми зерттеу университетін құру жөніндегі

құжаттарымен танысты. Арнайы құжатпен ҚазАТУ ректоры Ақылбек Қажығұлұлы таныстырып шықты. «Еліміз аграрлық мемлекет болғандықтан бізге дәл ҚазАТУ-дай білім ордалары ауадай қажет. Саладағы жаңа технология мен оны меңгеруге қауқарлы білімді әрі білікті маман даярлау ісіне де зор еңбек сіңіріп жатыр екенсіздер. Келешек осы жастардың қолында. Мен сіздерге сеніп отырмын. Білім ордасы ғылыми зерттеу университеті болуға дайын екендігіне көзім жетті» - деді өз сөзінде Қырымбек Көшербаев.

Алдағы уақытта тиісті орындарға ғылыми зерттеу университетін құруға байланысты тапсырмалар берілетіндігі жөнінде де сөз қозғады Мемлекеттік хатшы.

«БОЛАШАҚҚА ЖАҢА СЕРПІНМЕН»

Қазанның 18-і «Болашаққа жаңа серпінмен» деген атпен ҚазАТУ-дың белсенді студенттері университет ректоры Ақылбек Қажығұлұлымен кездесті.

Кездесу барысында жастар ректорға өздерінің көкейде жүрген сауалдарын қойып, оларға толыққанды жауап алды. Былайша айтқанда, ашық әңгіме түрінде өткен кездесу студенттердің көңілінен шықты. Кездесуге келген белсенді жастардың бірі – университетке арнап өлең оқыса, енді бірі – жүрекжарды тілектерін жеткізді. Жүздерінде жаңашылдықтың оты бар, білімге құштар жастармен әнімелесудің әсерлі болғандығы сонша, ректор Ақылбек Қажығұлұлы да өзінің жастық шағынан әдемі естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, жастарға өзінің өмірлік тәжірибесінен түйген ақыл-кеңесін айтып, әкелік-ұстаздық ілтипатын білдірді. Жастардың білімді, ақылды, саналы болу керектігін тереңнен толғаған ректордың сөзіне ұйып, ықыласпен тыңдаған студенттер кеш соңында сүйікті ректорларын ортаға алып, естелік суретке түсті.



XXI Менделеевский съезд и Научный Конгресс



В Санкт-Петербурге прошел XXI Менделеевский съезд по общей и прикладной химии.

Данный съезд проходил под эгидой Международного союза по теоретической и прикладной химии (IUPAC). 20 декабря 2017 года Генеральная Ассамблея ООН на 74-ом пленарном заседании 72-ой сессии провозгласила 2019 год Международным годом Периодической таблицы химических элементов. ООН признала важность повышения уровня информированности мировой общественности о том, как химия способствует

устойчивому развитию и обеспечивает решение глобальных проблем в области энергетики, образования, сельского хозяйства и здравоохранения. Действительно, резолюция была принята в рамках более общего пункта повестки дня, посвященного развитию науки и техники.

XXI Менделеевский съезд по общей и прикладной химии – самый авторитетный химический форум не только для России, но и для Планеты. Как участник данного научного форума, хотел поделиться своими впечатлениями увиденного в ходе проведения съезда и Научного Конгресса, встречей с учеными-химиками стран ближнего и дальнего зарубежья. Периодическая таблица химических элементов является одним из наиболее значимых достижений в науке, охватывая сущность не только химии, но и других областей науки, такие как физика и биология. Это уникальный инструмент, позволяющий ученым предсказывать появление и свойства материи на Земле и в остальной Вселенной. Хочу отметить, что инициатива России объявить 2019 год Годом Периодической таблицы химических элементов (150 лет) была поддержана всем международным научным сообществом, ведущими научными организациями, национальными академиями наук 80-ти стран мира и Генеральной Ассамблеей ООН.

В работе XXI Менделеевского съезда и научного конгресса приняли участие ученые из многих стран мира, таких как США, Великобритания, Канада, Франция, Германия, Швеция, Италия, Малайзия, Китай, Иордания и др. Пленарные доклады представили ученые-химики: лауреаты Нобелевской премии по химии J.P.Sauvage (Калифорнийский университет, США), W.E.Moerner (Страсбургский университет, Франция), Ю.Оганесян (Объединенный институт ядерных исследований, Россия) – автор нового химического элемента под номером 118 и др. На форуме одним из ключевых научных направлений можно считать и «зеленую химию» для жизни, которые учредили ЮНЕСКО, ИЮПАК и «ФосАгро» (Россия). «ФосАгро» стала первой российской компанией, выбранной Продовольственной и сельскохозяйственной организацией ООН для реализации глобальной инициативы в области защиты почв. Стратегическая же цель исследований в области зеленой химии – благополучие будущих поколений. В этой связи, молодым ученым предстоит расширить спектр исследований и научных разработок, особенно в области агрохимии, химии почв, биотехнологии, биомедицины, фарминдустрии. Химия сегодня актуальна, подвижна, эффективна, она откликается на запросы человечества. Из него вытекает множество терминов: медицинская химия, ядерная химия, радиохимия, супрамолекулярная химия и т.д. Опираясь на цитату Д.И.Менделеева, «периодическому закону будущее не грозит разрушением, а только надстройкой и развитием обещает», можно сказать, что биогенные элементы – фосфор, азот, калий являются важными элементами жизни человека, и в стенах КазАТУ им.С.Сейфуллина, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева продолжают фундаментальные и прикладные научные исследования в области аграрных и естественных наук.

Аймаков О.А., д.х.н., профессор, иностранный член Международной Академии естественных наук

Энерліге Жол ашық!

Еркебұлан Байболов – Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Энергетикалық факультеті «Жылу энергетика» кафедрасының магистранты. Университет қабырғасына ең алғаш келгенде өнерге жақын талантты жастардан «Нирвана» гитаристер клубын құрады. Қазіргі кезде «Шабыт» оркестрінің өнерпазы. Еркебұланның шығармашылығы мен оркестрдегі өмірі жайлы өзінен сұрап білдік.



- «Нирвана» гитаристер клубын құрушылардың алғашқыларының бірі екеніңізді білеміз. Ал сонда «Шабыт» оркестріне қалай келдіңіз?

- 2015 жылы «Шабыт» оркестрінің жетекшісі Гаухар Сармантаева апайдың ұсынысымен келгенмін. Ол кезде мен гитарист ретінде қосылдым. Уақыт өте келе ұстазымыздың біліктілігі арқасында басқа да аспаптарда ойнауды үйрендім.

- Балалық шағыңызда алғаш ойнап үйренген аспабыңыз осы гитара болды ма?

- Иә. Өзім шығармашыл отбасында дүниеге келдім. Анам әскери оркестрдің құрамында болған, ал атам домбырашы еді. Сондықтан мен кішкентай кезімнен музыкаға жақын болдым. 6-сыныпта анам гитара тартуды үйретті. Бұл менің алғашқы сүйікті аспабым еді. Одан кейін атамнан домбыраның құлағында ойнауды үйреніп алдым.

- Өзіңіздің шығармашылыққа деген көзқарасыңызды байқап отырмыз. Аспаптарда кәсіби тұрғыда ойнау қаншалықты қиын болды?

- Шын мәнінде, жаңа ғана айтып кеткендей, өмірдегі алғашқы ұстазым – анам. Ал ЖОО-на қадам басқаннан соң өнердегі алғашқы кәсіби білімді маған Гаухар Сармантаева берді. Осы жерде гитара мен домбырадан басқа ұрмалы музыкалық аспаптарға деген қызығушылығым ояна бастады. Мен бұл жерде күн сайын өзімді жетілдіру үстіндемін. Сондықтан кәсібилік қашан да талмай еңбектенудің арқасында келеді деп ойлаймын.



- Оркестрде жүріп қандай жетістіктерге жеттіңіз?

- 2016 жылы 2-курста халықараралық студенттер күніне орай «ҚазАТУ көшбасшылары» атты дәстүрлі белсенділер шеруінде университет ректоры А.Күрішбаевтың атынан “Үздік аспапшы” марапатына ие болдым. Ал менің өмірімдегі ең елеулі және жауапкершілігі мол жұмысымның бірі – 2015 жылы «Нирвана» гитаристер тобын құруым болды. Әрине бұл жетістіктерім ұстазымның арқасында екенін жасырмаймын. Аталмыш топ бірінші күннен бастап белсенді іс-шаралармен көзге

түсті: «Жыл ашылуы-2015», «Үздік клуб» номинацияларының иегерлері, «Жастар жылы» конкурсының «Инструментал» номинациясының жеңімпаздары қатарында болдым. Оның құрамында үздік аспапшы – Нұрбек Нұрсұлтан да бар. «Нирвана» құрылғаннан бері мен топ басшысы болып келемін. Қазіргі таңда біраз өзгерістер енуде, ендігі мақсат – шоу-бизнеске шығу. Ол үшін продюсер іздеу барысындамыз.

- Болашағыңызды оркестрмен байланыстырасыз ба?

- Жоқ, мен өкінішке орай болашақта оркестрмен бірге бола алмаймын. Себебі мен оркестрден гәрі заман талабына сай ортада жүргім келеді. Оркестрде болу мен үшін қиынға соғады. Бірақ өнер жолын университет бітіргеннен кейін тастамауға уәде беремін! Былай қарап отырсаңыз «оркестр» деген – үлкен әлем. Сондықтан бұған үлкен жауапкершілік керек.

- Дәстүрлі халық әндерін заман талабына сай өзгертуге қалай қарайсыз?

- Қазіргі жастар дәстүрлі әндерді тыңдамайды. Бұл үрдіс әрине Қазақстанның музыка өнері мен әлемдік музыка индустриясының дамуына байланысты. Жыл сайын әртүрлі бағыттағы әндер, билер шығарылады. Тіпті айтыс өнерінде де белгілі бір өзгешеліктер қолданылып жатады. Заманауи өнер адамдары бұрынғы мен қазіргіні ұйқастырып, музыка әлеміне ерекше жаңалықтар енгізу арқылы ұмыт болған мұраны жастарға ұсынып келеді. Бұл тәсіл маған ұнайды. Өзім кейде гитарамен соңғы шыққан әндерді орындағанды ұнатамын. Сондықтан ондай өзгерістерге қарсы емеспін.

- Сөз соңында алғашқы шығармашылық ұжымыңызға деген ыстық лебізіңіз?

- Оркестр құрамындағы балалардың бәрі дарынды және өнерлі. Болашақта оларды үлкен жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін. Университетіміздің жас студенттерін оркестрге шақырамын! Болашақ өнерпаздарға айтарым: талапты, батыл болыңдар, өздеріңе, айналаңда жүрген адамдарға сеніңдер және ешқашан тоқтамаңдар! Тек алға!

- Рақмет!

Жансая Хуанышбек, “New Press” тілшісі



*Медицина — адамды емдесе,
ветеринария — адамзатты емдейді*



"Word Rabies Day" халықаралық семинарының қорытындысы бойынша ВЖМШТ факультетінде үздік постер байқауының жеңімпаздары Орталық Азия елдеріне арналған ХЭБ субөңірлік кеңсесіне шақырылды.

Оқытушылар (доцент Л. А. Лидер, PhD Г. К. Мурзакаева) мен 403 және 402-топ студенттерін Francois Сауа (Канада) – ХЭБ штаб пәтері өңірлік қызмет департаментінің басшысы; Budimir Plavšić (Сербия) — Мәскеудегі ХЭБ өңірлік өкілдігінің басшысы; Valentina Sbarandak (Украина) – ХЭБ штаб пәтері өңірлік қызмет департаментінің техникалық ассистенті; Мереке Тайтубаев - субөңірлік өкілдіктің басшысы (ХЭБ), Mario Latini, субөңірлік өкілдіктің техникалық сарапшысы (ХЭБ); Oliva Abascal Ruth субөңірлік өкілдіктің техникалық сарапшысы (ХЭБ).

Кездесу барысында студенттерді аймақтық кеңсенің қызметімен таныстырып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Пікірталаста құтыру ошақтарының санын азайту және адамдар арасында жұқтырудың алдын алу мәселелері талқыланды.

403-топ студенттері естелік сыйлықтармен және құрлық жануарларының Денсаулық Кодексімен марапатталды.

Әдемі Айтбай, “New Press” тілшісі



Шашылығы өріп жүрелімін

*Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе едің мұндай түрін?
(Абай Құнанбаев)*



Әр нәрсеге мән бере қараған ойлы халқымыз сұлудың көркі – шаш деп есептеген. Ұлт мәдениетінде әр бойжеткенді шашына қарап бағалаған. Олай болса, сол шаш үлгісін бүгінгі таңда да сән әрі көрік ретінде санап жүрген университетіміздің бұрымды қыздарының ішінде көзге түскені С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың Агрономия факультетінің 1-курс студенті – Әйгерім Жанбуршина. Шашының күтімі жайлы өзінен сұрадық.

Әйгерім Батыс Қазақстан облысы Ақтөбе қаласының тумасы. Жастайынан ата-әжесінің қолында өсіп, киелі ұрпақтың өнегелі тәрбиесін алған. Кішкентай кезінен өнерлі, білімпаз, ақылды қыз болып өседі. Мектеп қабырғасында би билеуді және пианинода ойнауды үйренеді. Сондай-ақ сабағына да көңіл бөліп, білім ордасын жақсы бітіріп шығады. Ал қазіргі таңда бет-әлпет әрлеуді хоббиіне айналдырып отыр.

Әйгерімнің бұрымды қыз аталуы кездейсоқ емес. Ол өз әжесінің шашы ұзын болғанын және оған қызыққанын айтады. Оны байқаған әжесі туған екі немересінің бұрымын бала кезден бастап өсіруге көңіл бөліп, оны дұрыс күтуге көмектескен. Осы күнге дейін Әйгерімнің шашының ұзындығы 1 метр 27 см-ге жеткен.

Әрине мұндай шашты өсіру оңай емес. Сондықтан оның артықшылықтары мен кемшіліктерін ескерген жөн. Ең алдымен шашқа ерекше күтім жасау керек. Ұзындығына байланысты оны жуу және жинау қиындыққа соғады. Таңертең тұрғанда шаштар бір-бірімен үйісіп, тарағанда кедергі тудырады. Мұндай сәтте уақытыңды кетіріп, барайын деген жерге кешігіп қалған кездер болады. Нәзік жандылар шаш үлгісін әрқашан ауыстырып отырғанды ұнатады. Сондықтан «күнделікті шашымды қалай жинасам екен?» деген сұрақ мазалайтынын жасырмайды Әйгерім.

Ал ерекшелігі, ең алдымен әдемі бұрым – қызға ерекше көрік беріп тұрады. Сол себепті көпшіліктің алдында «мына қыздың шашын қарашы, қандай ұзын?!» деген сөздерді жиі естіп, бірден көзге түсесің. Осындай жағымды пікірлерден соң ерекше сезімде боламын. Жылы сөздер кімнің болса да жүрегін жібітетіні сөзсіз дейді ол.

Қазақ халқында «көз тию» деген наным-сенім бар. Әйгерім де оған сенетінін жасырмайды. Өйткені әжесінің басынан сондай жағдай өткен екен: шашына көз тийіп, қиып тастауға тура келіпті. Сондықтан да жас қыз шашын жаймай, үнемі өріп, сақтанып жүреді.

Әйгерім шашының күтіміне қатты мән береді. Оның күйін сақтап қалу үшін шашты үтіктеуге және бұйралауға арналған құралдарды қолданбайды. Бала кезінде әжесі шашын жұмыртқамен және қаймақпен жуған. Бұл шашының жұмсарып, тез өсуіне септігін тигізеді. Ал өсу үдерісін тоқтатпау мақсатында белгілі бір уақыт аралығында ұшын қиып отырған абзал.



Қыз деген әрқашан сырт-келбетін өзгертіп, жаңалықтарға ұмтылып тұрады. Әйгерім де өзгелер секілді модадан шет қалғысы келмейді. Өзге түске боятып, аз да болсын ұзындығын қиғанды қалайды. Бірақ әжесі оған қарсы екен.

Бір айта кетерлігі Әйгерімнің сән әлемінде алған жетістігі де бар. Осыған дейін «Мисс Атырау-2018» байқауына қатысып, «Бұрымды қыз» номинациясын жеңіп алған. Алдағы уақытта университетіміздің «Мисс ҚазАТУ» сайысында да бағын сынап, жүлделі орыннан үміті бар. Бүгінде кейіпкеріміз ойын өзгерткен. Шашының бұдан да ұзын болғанын қалайды. Және басқа да замандастарына бұрымдарын кеспеу керектігі туралы кеңес беруге дайын.

Ұлжан Рахматулла, “New Press” тілшісі

Әзілкештер өз алаңында топ Жарды!



Қыркүйек айының 26-ншы жұлдызында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің шаңырағында жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын 1-курс студенттері арасында «Көңілді Тапқырлар Алаңы» сайысы өтті.

Оған қадірлі қонағымыз, әділқазы алқаларының төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласы “Жас Отан” Жастар қанатының төрағасы Бақдаулет Жанділдаев келіп, жас КТА-шыларға өзінің оң бағасын берді.

Ойын барысына келетін болсақ, ойынға 7 факультеттен 8 команда қатысты. Олар: Агрономия факультеті, ВжМШТ факультеті, Энергетикалық факультет, Экономика факультеті, КЖЖКББ факультеті және Техникалық факультеттің «Тех ұлдары» және

«Тех қыздары» командалары. Сондай-ақ қонақта Республикалық КТА фабрикасының ақтық сайысына жолдама алған «АҚШ» командасы болды.

Бұл жолы ойын тек сәлемдесу кезеңі бойынша өтті. Командалардың әрқайсысы жоғары деңгейде дайындалып келгені байқалды. Әсіресе Техникалық факультетінің «Тех қыздары» командасы ерекше көзге түсіп, көрерменді күлкіге қарық қылды. Одан кейін ВжМШТ факультетінің командасы университеттің тұрмыс-тіршілігі жайлы әзілдерімен көрермен мен төрешілердің жүрегіне жол таба білген. Ал энергетикалық факультеттің «Энерго» командасының қалжындары да, билері де, әндері де халыққа өтімді болды. Ал қалған командалар олардан қалысқан емес.

Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі 3-орынды Экономика факультетінің құрамасы мен Техникалық факультетінің «Тех қыздары», 2-орынды «Энерго» командасы жеңіп алды. Ал жүлделі 1-орынды дайындықта ерекше көзге түскен ВжМШТ факультетінің құрамасы қанжығаға байлады.

Айта кететін жағдай ВжМШТ факультетінің ойыншысы Аяулым Нұрбекова мен Энергетикалық факультеттің «Энерго» командасының ойыншысы Бейбарыс Сұлтан «Үздік ойыншы» номинациясын иемденді. Ойын соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлеріне арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

– Алдағы уақытта қалалық КТА лигасы өтеді. Онда осы оқу орнының намысын бүгінгі жеңімпаз командалар қорғайды. Командаларға сәттілік тілеймін! Бұл жас топтардың алар асулары көп, – деп сенеді студенттік Кәсіподақ қорының басшысы Ақылбек Данабекұлы.



*Бейбарыс Сұлтан,
“New Press” тілшісі*

Балуандар боз кілемде белдесті



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 11 қазан күні Қазақ күресінен 1-курс студенттері арасында жарыс өтті. Тартысты тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалың болды. Әрқайсысы өз факультеттеріне қолдау көрсету үшін жиналды.

2019 жылдың 11 қазанында университетіміздің күрес залында 1-курс студенттерінің арасында қазақша күрестен жарыс өткен. Оған 7 факультеттен 7 түрлі (55 кг, 60 кг, 66 кг, 74 кг, 82 кг, 90 кг, +100 кг) салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті. Залға жиналғандар қай спортшының тың дайындықпен келгенін, ал кімнің дайындықсыз келгенін бірден байқап отырды. Алайда

спортқа деген қызығушылықтары мол жалынды жастардың көптігі ерекше көңіл қуантты.

Жанай Дүйсенбайұлы аталмыш спорт түрі бойынша талай жас балуандарды жаттықтырып келеді. Қазіргі таңда университетіміздің аға жаттықтырушысы болып қызмет атқаруда. Спорт шебері бүгінгі жарыс туралы өз пікірімен бөлісті:

- Бұл балалардың кейбірі кәсіби балуандар секілді күресіп жүргені бірінші рет емес. Бұған дейін айтулы жарыстарға қатысып, өз шеберліктерін көрсетіп үлгергендер де бар. Мен болсам, биылғы 1-курс студенттеріне тәнті болдым. Бүгінгі жарысқа осындай жоғары деңгейдегі дайындықпен келеді деп күтпеп едім. Жақында болатын «Жас барыс» турниріне қатысушылар осы спортшылардың арасынан іріктелініп алынатын болады.

«Шын шеберге шаршы алаңда тұсау жоқ!» Қорытындыға сай әр салмақтан топ жарған спортшыларды айта кететін болсақ. Ең жеңіл салмақ дәрежесінде, яғни 55 кг салмақта ЖРБСЖД факультетінің спортшысы Тоқтар Милахат алтыннан алқа тақты. 60 кг салмақта Агрономия факультетінің спортшысы Серік Қайратбекұлы өз мықтылығын дәлелдеді. Ал 66 кг салмақ дәрежесінде Энергетикалық факультеттің спортшысы Ерболат Орынбек қарсыласты шақ келтірмеді. *«Ендігі кезекте уақытты босқа өткізбей, жаттығу жасап, биік шыңдарды бағындыруға барымды саламын. Дайындықтың үстіне дайындық қосып, бұйырса, «Әлем барысы» боламын»* - деп сенеді Ерболат.

Сондай-ақ 74 кг салмақта Техникалық факультетінің спортшысы Қайырлы Серікбай қатарынан оза шапты. Одан соң 82 кг салмақ бойынша Энергетикалық факультеттің спортшысы Қалыбек Шыңғысов өз салмақ дәрежесі бойынша суырылып алға шықты. 90 кг салмақта КЖЖКББ факультетінің спортшысы Алихан Рахымжан алдына келген балуандардың барлығын бел асыра лақтырып, жеңіс тұғырына ұмтылды. +100 кг салмақ дәрежесі бойынша Техникалық факультеттің балуаны Жандос Сейтенов жоғары марапатқа ие болды.

Сонымен командалық есеп бойынша жүлделі 3-орынды Агрономиялық факультет иеленсе, 2-орында Техникалық факультеті олжаланды. Ал 1-орында Энергетикалық факультеттің спортшылары қанжығаларына байлады.

Бейбарыс Сұлман, “New Press” тілшісі



ҚазАТУ – мақтанышым!



Елорданың мақтанышы, білім кені,
Ұстаздары – даналықтың кемеңгері.
Қанатын кеңге жайған ҚазАТУ-да
Талай жас білім дәнін терген еді.

Студенттік өмірдің бал дәурені,
Уақыттың жылжып өтті самал желі,
ҚазАТУ-ға қызығып көз тігеді,
62 қоңыр күз тербеткелі.

Бөле жармай бәрін де шетке дара,
Бере білдің қашан да көпке баға.
Әр қиырдан келіп жеткен Қазақстанның,
Студентке болдың сен екінші Ана.

Бірін кейде ескертіп, бірін ұға,
Білімменен сусындағтың ұғымына.
Қуанышты, ал кейде өкпелі ме,
Сен солардың қуәсің қылығына.

Дос табасың, адал серік бола алатын,
Ұстаздар бар жаныңнан табылатын.
Қиын кезде қашан да демеу берді,
Сендірумен жақсы күн жолығарын.

Талай маман ұшырған бауырынан,
Кенде етпестен тәрбие, тағылымнан.
Даниярдай ұлыңмен мақтанамыз,
Риодағы додада алтын алған!

Өнерден де қалмаған құр алақан,
Көрерменге өз назарын аудартқан.
«Әзіл әлем» құдіретті Тұрсынбекке
Барша халық тамсанып, таңдай қаққан.

ҚазАТУ-ым – мақтанышым, құт мекенім,
Сүрінбей баса берші сын өткелін.
Барша елге танытып жүре берсін,
Ұшырған сенің баулып түлектерің!

*Гүлім Құлжа
Техникалық факультеттің І-курс
студенті*

С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелін,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.

Редакторы - Б. Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Р. Есенгелдіқызы,

Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.



Scan me